

Қазақстан тарихы пәнінен дайындыққа арналған оқушы жауабының үлгісі 19 билет

1) «Антропогенез», «антропология», «этногенез», «этнология» терминдерінің анықтамасын беріңіз. [5 балл]

Антропогенез – жануарлар дүниесіндегі адамның алатын орны мен адамның адам болып қалыптасуын зерттейді.

Антропогенез (грек. *anthropos* – адам, *genesis* – шығу тегі) – **антропология** ғылымының адамның шығу тегін, даму тарихын, оның жеке биол. түр болып қалыптасуын және адамзат қоғамының даму кезеңдерін әрі жаратылыстану, әрі қоғамдық ғылымдарға сүйене отырып зерттейтін негізгі саласы. Бұларды шешуде антропогенез **приматология**, **эмбриология**, физиология, психология, геология, археология, этнография, тіл білімі сияқты ғылымдардың нақты деректеріне сүйенеді. **Чарлз Дарвиннің** эволюциялық білім жүйесі бойынша **адам** тегі адам тәріздес маймылдан пайда болған, яғни адам баласы биол. жағынан бір түрге жатады деп дәлелденді.

Антропология (**көне грекше:** ἄνθρωπος — адам) — адамның шығу тегін, дамуын, дене құрылысын, нәсілдік ерекшеліктерін зерттейтін жалпы **биология** ғылымының қоғамдық **ғылымдармен** тығыз байланысы бар саласы. Антропология (грекше *anthropos* – адам, *logos* – ілім) терминін алғаш рет **Аристотель** енгізді.

Антропология – **адам** туралы ғылым. Ол адамның шыққан тегін және оның барлық кезеңде бірдей даму типін зерттейді. Әрине, адам денесінің құрылысын анатомия зерттейді. Бұл ғылымдардың бір-бірінен айырмашылығы неде? Антропологтар анатомдарға қарағанда басқа тұрғыдан қарайды. Қалыпты **анатомия** адамды жинақтап, «орталық» тип деңгейінде абстракты үлгі есебінде зерттейді. Антропологияда адамды салыстырмалы кең көлемде, әрбір адамның жеке әрекеттерін зерттейді: жыныстық, жастық, конституциялық, қызметтік, этникалық және нәсілдік. Бір қатар сұрақтар бойынша антропология, этнография және археологиямен де тығыз байланысты. Антропология адам тарихымен байланысты, жер қоймасынан табылған заттарды зерттейді. Этнография халықтың тұрмысы мен мәдениет ерекшеліктерін, олардың шығу тегін, таралу жолдарын және мәдени тарихи қарым-қатынастарын да зерттейді. Антропология – табиғаттануға жатады. Бірақта биологиялық пәндер ішінде алатын орыны де ерекше, себебі, адам екі қоғамның өкілі – биологиялық және әлеуметтік. Адам – қоғам мүшесі. Адамның, адам болып қалыптасуы жіне оның өмірі қоғамдық ұйымда өтеді. Еңбек пен қоғам – адамның тіршілігі мен жағдайының негізі, оған әлеуметтік тарихи жағдайлар әсер етеді. Антропология ғылымы бірнеше бөлімнен тұрады

Этногенез (грек. *ethnos* – тайпа, халық және *genosis* – шығу, тегі) – әр түрлі қауымдық топтар негізінде жаңа құрамдағы туыстас тайпаның немесе халықтың қалыптасуы.

Этногенез – қандай болса да халықтар тарихының бастамасы. Ол үнемі даму үстінде болады. Бірде оған жаңа этн. топтар қосылып, онымен біте қайнасып, араласып кетсе, енді бірде одан кейбір топтар ерекшеленіп, бөлініп те жатады. Мыс., **Қазақстан** аумағындағы көптеген түркі тектес көшпелі тайпалар бірігіп, біте қайнасып, араласу нәтижесінде қазақ халқы қалыптасқан (қ. **Қазақтар**). Этногенез үрдісінің негізгі екі түрі болады: 1) жергілікті бірнеше көне тайпалық топтардың биол. жолмен жаппай араласуы арқылы қалыптасу; 2) жаңа заманда басқа жерге қоныс аударған бірнеше халықтар өкілдерінің тікелей ықпалының нәтижесінде болатын қалыптасу. Осыған орай, отандық тарихнамадағы қазақ халқының қалыптасуына қатысты ой-пікірін айтқан ғалымдарды автохтондық және миграц. бағыттарды қолдаушылар деп екіге бөлген жөн. Қазақ халқының Этногенез үрдісі әр түрлі миграц. жолмен, яғни басқа жерден қоныс аударып келгендердің бір-біріне әсер етуі нәтижесінде қалыптасты деген ғалымдардың (Н.Масанов, Б.Ермұханов, т.б.) ізденістері кездеседі. Бұған қарсы тұжырымдама жасаған зерттеушілер (Ә.Марғұлан, М.Қозыбаев, К.Ақышев, О.Смағұлов, Б.**Көмеков**, т.б.) қазақ халқының тарихы бірнеше мыңжылдықты қамтитындығын дәлелдейді. Олар Этногенез үрдісін әрдайым кешенді түрде қалыптасатын күрделі үрдіс ретінде қарастырды, әрі өз зерттеулерінде бірнеше ғылымдардың (археология, антропология, лингвистика, этнология, тарих, деректану, т.б.) дерек көздерін пайдалана отырып, қазақ халқының Этногенез жайында салықалы қорытындылар, дәйекті тұжырымдар жасаған.

Этнология (грек. *ethos* – тайпа, халық және *logos* – ҒЫЛЫМ, ілім, сөз) – қоғамдық ғылымдардың тайпалар мен халықтарды зерттейтін саласы. Этнология қазіргі халықтарды және ертеде өмір сүрген көне этностық топтардың шығу тегін, ру-тайпалық құрамын, қонысын, олардың өзіндік ерекшеліктері мен бәріне бірдей ортақ жайларды, тарихи және мәдени қарым-қатынастарын, күнделікті тұрмысын, кәсібін, қоғамдық және отбасылық қарым-қатынастарын, рухани мәдениетін жан-жақты ғыл. негізде зерттейді

2) «Мәңгілік Ел» идеясының негізгі мазмұнын жеті құндылық негізінде түсіндіріңіз. [10 балл]

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаев 2014 жылы «Қазақстан жолы–2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауында жаңа біріктіруші «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясын ұсынды: «Біздер, қазақстандықтар – бір халықпыз! Біз үшін ортақ тағдыр – бұл біздің «Мәңгілік Ел», лайықты әрі ұлы Қазақстан!

«Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының негізіндегі маңызды жалпыұлттық 7 құндылық:

- Біріншіден, бұл – Қазақстанның тәуелсіздігі мен Астанасы.
- Екіншіден, бұл – қоғамымыздағы ұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісім.
- Үшіншіден, бұл – зайырлы қоғам және жоғары руханият.
- Төртіншіден, бұл – индустрияландыру мен инновацияларға негізделген экономикалық өсім.
- Бесіншіден, бұл – Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамы.
- Алтыншыдан, бұл – тарихтың, мәдениет пен тілдің ортақтығы.
- Жетіншіден, бұл – еліміздің ұлттық қауіпсіздігі, бүкіләлемдік, өңірлік мәселелерді шешуге жаһандық тұрғыдан қатысуы.

Ұлттық идея қоғамның өзекті мәселелерін шешуге бағытталаып, ұлтпен бірге өмір сүреді. Келешекте еліміздің ұлттық идеясы заман талабына орай өзгерістермен толықтырылуы мүмкін, ал қазіргі уақытта ол халық арасында кеңінен қолдау тауып отыр.

3) «XIX-XX ғасырларда қазақ өлкесінің моноэтникалық құрамы патша үкіметінің саясаты барысында өзгеріске ұшырады». Сіз бұл пікірмен қаншалықты келісесіз? Өз жауабыңызды негіздеу үшін бірнеше дәлелдер мен дәйектерді келтіріңіз. [15 балл]

XIX-XX ғасырларда қазақ өлкесінің моноэтникалық құрамы патша үкіметінің саясаты барысында өзгеріске ұшырады деген пікірмен толықтай келісемін. Оған осындай дәлелдер келтіре аламын. XIX-XX ғасырларда болған бұл үдерісті мен өзім 4 кезеңге бөлуші едім.

1-ші кезең: XIX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстандағы Ресей үкіметінің отаршылдық саясатының бағыттарының бірі орыс шаруаларын осында көшіру болды. Бұл үшін жағдайлар 1861 жылы Ресейдегі басыбайлық құқықтың жойылуымен жасалды. Империяның шығыс аймақтарына шаруаларды көшіру арқылы патша үкіметі Ресейдің ішкі провинцияларындағы аграрлық мәселесін шешуге тырысты, сонымен қатар олардан әлеуметтік қолдау табады деп күтті.

Қазақстанды отарлаудың алғашқы кезеңінде Ресей үкіметі әскери казак елді мекендерін құрумен шектелді. Ресейдің орталық аудандарынан Қазақстанға шаруаларды көшіру XIX ғасырдың 60-жылдарының ортасында басталды. 1866 жылы Батыс Сібірдің бас басқармасы қоныс аударушыларды қазақ даласына "қондыруға" рұқсат беретін қаулы қабылдады. 1867-1868 жылдардағы реформа бойынша Қазақстан жерлерін мемлекеттік меншік деп жариялау оларды алып қоюға (экспроприациялауға) жағдай жасады.

Жетісу облысына қоныс аударған шаруалардың үлкен ағыны жіберілді. 1868-1880 жылдары мұнда 3 мыңнан астам отбасы қоныстанды. Көші-қон саясаты кезінде Сырдария облысында қоныс аударушы шаруалар үшін 37 кент құрылды. Сырдария және Жетісу облыстарына қоныс аударған шаруалардың көпшілігі Ресейдің орталық және Оңтүстік провинцияларынан, әсіресе Воронеж губерниясынан болды.

2-ші кезең: XIX ғасырдың 90-шы жылдарының ортасынан бастап Қазақстанға шаруалардың одан да қарқынды қоныс аударуы басталады. 1892 жылы Транссібір темір жолының құрылысына байланысты "Сібір темір жолының Арнайы комитеті" пайда болды, ол патшалық аграрлық саясатының белсенді жүргізушісі болды, әсіресе жерді қоныс аудару қорына бөлу бөлігінде. 1896 жылдан бастап Қазақстанның Дала облыстарында артық жерді анықтаған экспедициялар жұмыс істеді.

3-ші кезең: Қазақстан тарихындағы белгілі оқиғалардың бірі – ұйғырлар мен дүнгендердің Жетісу өлкесіне қоныс аударуы. Маньчжур-Цин әулетіне қарсы 1862-1877 жылдары ұйғырлар мен дүнгендер азаттық күреске шықты. Бұл күреске қырғыз, өзбек, қазақ және торғауыттар да қатысты. Қоқан әскери басшысы Якуб бек жеңіске жетіп, Қашғар, Үрімші қалаларының дүнгендік одағы басшылық еткен ұйғыр мемлекеті (Жетішар) құрылды. Көтеріліс басылғаннан кейін Жоңғария мен Шығыс Түркістан Цин империясының жаңадан құрылған провинциясы – Шыңжан болды. Ұйғыр мен дүнгендерге қысым күшейтілді. Қоныс аударудың басты себебі осыған байланысты болды. 1881-1884 жылдары ұйғырлар мен дүнгендердің Жетісу өлкесіне қоныс аударуы ірі миграциялық құбылыс болды. Алғашқыда 45 мыңнан астам ұйғыр, 5 мыңдай дүнген Жетісу мен Солтүстік Қырғыз өңіріне қоныстанды. Қазіргі Алматы облысының жерінде алты ұйғыр болысы ұйымдастырылды. Ұйғырлар негізінен егін шаруашылығына қолайлы Шелек, Талғар, Үсек, Шарын өзендерінің бойында орналасты. 1897 жылғы санақ бойынша, ұйғырлар – 55999, дүнгендер – 14136 адамға көбейді.

4-ші кезең: Столыпіннің аграрлық реформасының негізгі мақсаты елді мекендерде аграрлық буржуазияны, яғни орта дәулетті кулактар тобын қалыптастыру арқылы Ресейдің аграрлық мәселесін шешу болатын.

Петр Столыпіннің Ресей империясының шеткі аймақтарына, соның ішінде астық өндіру үшін өте қолайлы Қазақ өлкесінің жері де ерекше көзіне түсті. Қазақ жеріне Ресейден келген шаруаларды қоныстандыру мен кулак шаруашылықтарын құру үшін оларға жеңілдіктер беру жүйесі енгізілді. Әрбір хуторға 45 десятина жарамды және 15 десятина егістік жер берілді. Жер бөлуші мекемелерге жергілікті көшпелі қазақтардың жерін тартып алып, олардың орнына орыс шаруалары мен кулактарды орналастыруға рұқсат берілді.

Осындай шаралар арқылы Столыпін орыс шаруаларын қазақ жеріне қоныс аудару қозғалысына күшті серпін берді. Мәселен 1895-1905 жылдары Қазақ өлкесінің далалық облыстарына үш жүз мыңға жуық адам қоныстанса, кейінгі жылдары қоныстанушылар саны 770 мың адамға жеткен. 1897 жылғы жалпыхалықтық санақ бойынша Дала елкесінде орыстардың үлесі жиырма пайызды құраса, ал 1917 жылы олардың үлесі 42%-ға жетті.